

«Қазақстан халқына»
қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылғы 15 шілдедегі № 13
шешімімен бекітілді

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының
мүдделер қайшылығын басқару
саясаты**

1. Жалпы қағидалар

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының мүдделер қайшылығын басқару саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) мүдделерінің қолданыстағы және/немесе әлеуетті қайшылықтарын анықтау, айқындау және басқару үдерісін тиісті түрде реттеу және басқару тәртібін белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Саясатта мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) мүдделі тұлға – Қамқоршылық кеңестің мүшесі, Қордың лауазымды тұлғасы және қызметкері;

2) лауазымды тұлға – Басқарманың төрағасы мен мүшелері, бас есепші;

3) қызметкер – Қормен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлға;

4) жақын туыстар – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алған балалар, туған аға-қарындастары және бөлелер, ата-әжесі, немерелер, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;

5) үлестес заңды тұлға – мүдделі тұлға және/немесе оның жақын туыстары басқару органының құрылтайшылары, қатысушылары, мүшелері немесе штаттық қызметкерлері болып табылатын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама анықтауға мүмкіндігі бар және (немесе) қабылданатын шешімдерге әсер ете алатын заңды тұлға;

6) мүдделердің қайшылығы – Қордың мүдделі тұлғаларының жеке мүдделері мен заңды мүдделері арасында туындайтын, қаржылық шығындарға және басқа қолайсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін, соның ішінде абыройынан айырылуға әкеп соғуы мүмкін қарама-қайшылықтар;

7) мүдделердің қайшылығы туралы ақпаратты жинау – жеке немесе заңды тұлғамен тікелей байланыспай, ашық қолжетімділікте болатын ақпаратты Қордың құрылымдық бөлімшесінің – Талдау және болжау орталығының жинауы.

3. Мүдделі тұлға мен оның жақын туыстары, сондай-ақ үлестес заңды тұлға Қордың қаражатынан қайырымдылық көмекті алуға, Қор үшін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жеткізушісі болуға немесе Қордың қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді алуға құқылы.

4. Қор әрбір мүдделі тұлға өз міндеттерін орындай отырып, Қордың мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюға міндетті деп есептейді.

5. Сонымен қатар, Қор жеке тұлға ретінде мүдделі тұлғаның құқықтарын құрметтейді және егер ол Қордағы міндетін орындау қабілетіне әсер етпесе,

онда Қордың жарғылық қызметімен сабақтас қаржылық, кәсіпкерлік, саяси және өзге қызметпен айналысу құқығын мойындайды.

2. Мүдделер қайшылығын басқару саясаты

6. Мүдделер қайшылығы ретінде мынадай жағдай немесе ахуал есептеледі, бұл ретте:

1) мүдделі тұлғаның шешімдер қабылдауы мен міндеттерін орындау айқындығына және дербестігіне әсер ететін немесе әсер ете алатын жеке мүдделері болады;

2) мүдделі тұлға Қормен азаматтық-құқықтық шартты жасасқан тарап немесе осы Шарт бойынша делдал немесе өкіл болып табылады, ал онымен үлестес тұлғалар мен жақын туыстары Қормен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тарап немесе осы Шарт бойынша делдал немесе өкіл болып табылады.

7. Мүдделер қайшылығының алдын алу мақсатында мүдделі тұлғаның міндеттері:

1) мүдделер қайшылығына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасасудан және шешімдер қабылдаудан тартыну;

2) Басқармаға лауазымды міндеттерін дербес және адал атқаруға тосқауыл болатын міндеттердің туындауы туралы хабарлау;

3) мүдделер қайшылығын туындатуы мүмкін жағдайлардың пайда болғаны туралы Басқармаға дереу хабарлау;

4) мүдделердің шынайы немесе әлеуетті қайшылығын реттеуге белсенді қатысу;

5) отбасылық байланыстар, достық немесе басқа қарым-қатынастар, дербес симпатиялар мен антипатиялар Қордың қызметіне қатысты шешімдер қабылдауға әсер етпейтін кәсіпқойлылықты ұстану;

6) өзінің жеке мүдделерін қанағаттандыру үшін Қордағы өз күйін пайдалану үшін өзін-өзі шектеу немесе Қорда міндеттерін жүзеге асырумен байланысты туындайтын іскерлік мүмкіндіктерді ұстану.

3. Мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығы бойынша жағдайды есепке алу және мониторинг жүргізу

8. Мүдделердің қайшылығына жол бермеу мақсатында мүдделі тұлға, Қордың қызметкерлерін ескермегенде, Басқармаға өзі және жақын туыстары туралы мәліметтерді Саясат сайланған (тағайындалған) немесе қабылданған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде міндетті түрде береді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің міндеттері:

1) негізгі жұмыс орны (заңды тұлғаның толық атауы мен заңды мекен-жайын көрсетеді) және атқарып жүрген лауазымы туралы, басқа сабақтас лауазымдары туралы, сондай-ақ негізгі жұмыс орнының өзгергені туралы мәліметтерді Қорға жазбаша түрде хабарлау;

2) басқа заңды тұлғалардың директорлар кеңесінің және қадағалау/қамқоршылық кеңестерінің құрамына мүшелік ету туралы ақпаратты Қорға жазбаша түрде ұсыну;

3) мүдделер қайшылығының туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуға ықтимал әрекеттерден тартыну және жағдайларды болдырмау, ал осындай қайшылық туындаған жағдайда Қамқоршылық кеңеске мүдделер қайшылығы туралы дереу хабарлау.

9. Басқа мүдделі тұлғамен байланысты мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығы анықталған және ашылған жағдайда мүдделі тұлға Басқармаға бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға құқылы.

10. Мұндай өтінім немесе ішкі аудитор берген ақпарат, сондай-ақ мүдделер қайшылығы туралы ақпаратты жинау қорытындылары бойынша құрастырылған ақпарат мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығын анықтау фактін қарастыру процедурасы бастау үшін негіздеме болады.

11. Егер бұл қайшылық қарастыру мәні болса, онда қарастырудан бас тарту ықтимал және ол бойынша тиісті шешім шығарылды.

12. Мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығын Қордың заңгері мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығын анықтау фактін тіркеу арқылы есепке алады. Мүдделер қайшылығын есепке алу барысында мүдделер қайшылығын ашумен және бағалаумен байланысты барлық мәліметтерді жинайды, сондай-ақ оларды реттеу туралы ықтимал шешімдер қабылданады.

13. Мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығын есепке алу аясында заңгер жазбаша түсіндірмелерді сұратуға және мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығымен байланысты мүдделі тұлғалардың арасында сауалнамалар жүргізуге уәкілетті.

14. Жиналған ақпарат мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылығын анықтау фактін тіркеген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Қордың Басқармасына қарастыруға шығарылады.

15. Қор мүдделердің әлеуетті және шынайы қайшылықтары туралы мәліметтерді декларациялаудың мынадай жүйесін белгілейді:

1) сайлаған/тағайындаған кезде мүдделердің қайшылығы туралы мәліметтерді бастапқы декларациялау;

2) мүдделердің жаңа шынайы немесе әлеуетті қайшылығын тудыратын немесе тудырған жағдайлардың туындау шамасы бойынша мүдделер қайшылығы туралы мәліметтерді бастамалы декларациялау;

3) шынайы немесе әлеуетті қайшылық тудыратын орын алған жағдайға байланысты, заңгердің және/немесе Басқарманың сұратуы бойынша, ішкі аудитордың өтінішіне/ақпаратына негізделген, мүдделер қайшылығын туралы ақпарат жинау қорытындылары бойынша құрастырылған ақпаратына негізделген түсіндірмелер.

16. Мүдделер қайшылығы туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалар жазбаша түрде, барынша түсінікті нысанда декларациялауы тиіс.

17. Мүдделер қайшылығын кез-келген себептер бойынша жасыру немесе әдейі уақтылы ұсынбау, не болмаса толық ашпау сенімге қиянат ету және алдау болып табылады.

4. Мүдделер қайшылығын реттеу және жауапкершілік

18. Басқарма мүдделердің қолданыстағы немесе әлеуетті қайшылық туралы ақпаратты Қор үшін туындаған тәуекелдердің күрделілігін бағалау мақсатында және туындаған қайшылықты шешу үшін сай келетін нысанды таңдау мақсатында қарастырады.

19. Ақпаратты талдау нәтижелері бойынша мүдделер қайшылығын реттеудің мынадай шаралары қабылданады:

1) мүдделер қайшылығының әсерінен туындаған немесе туындауы мүмкін мәселелерді талқылаудан немесе шешімдер қабылдаудан мүдделі тұлғаның ерікті түрде бас тартуы немесе (тұрақты немесе уақытша) шеттетілуі;

2) мүдделі тұлғаның Қордың мүдделерімен қайшылық тудыратын өзінің жеке мүддесінен бас тартуы;

3) мүдделі тұлғаның атқаратын лауазымынан кетуі.

20. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесіне қатысты мүдделер қайшылығын реттеу шаралары Қамқоршылық кеңесінің мүшесіне қатысты болса, онда оған қатысты осындай шараларды қабылдау қажеттілігі туралы ақпарат Қамқоршылық кеңестің қарастыруына шығарылады.

Қамқоршылық кеңес мүшесінің Саясатта қарастырылған ақпаратқа қатысты Саясаттың қағидаларын ұстанбау туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңеске қарастыруға шығарады.

21. Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Саясатты ұстанбауы бойынша жауапкершілік еңбек заңнамасына сәйкес қарастырылады.

22. Мүдделердің қайшылығы болжанған Қордың қаражаттарын жұмсауға байланысты азаматтық-құқықтық шарт жасала алмайды.

23. Саясатта көрсетілген шаралар түпкілікті емес. Мүдделер қайшылығын реттеген әрбір нақты жағдайда қайшылықты реттеудің өзге шаралары анықталуы мүмкін.